Journal of Health Development
e2663-1776

Аналитическая справка
для формирования политики в области здравоохранения

Қазақстанда «Мейіргер ісі» мамандығы оқытушыларының педагогикалық, ғылыми және клиникалық құзыреттіліктерін дамыту

Мамырбекова М.Б. [1*], Жаксылыкова Г.А. [2], Куанышбаева Г.С. [3]

[1] PhD- докторант, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[2] Мейіргер ісі кафедрасының профессоры, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[3] Медицина негіздері кафедрасының меңгерушісі, Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

* Хат-хабаршы автор: makpalgmg@gmail.com

Received: 03 October 2025
Revised: 25 October 2025
Accepted: 06 November 2025
Published: 02 December 2025

Citation: Makpal Mamyrbekova, Gulnur Zhaxylykova, Gaukhar Kuanyshbayeva. Kazakstan zhane Finljandijanyn mejirger isi okytushylarynyn kasibi damuynyn salystyrmaly zertteui (Comparative Study of the Professional Development of Nursing Educators in Kazakhstan and Finland) [in Kazakh]. J Health Dev. 2025, 60 (6), Special issue, jhd032. https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-6-jhd032

This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Түйіндеме/ Түйінді ойлар

Бұл мақалада Қазақстандағы мейіргер ісін оқытатын профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттырудың рөлі қарастырылады. Финляндия елінің мейіргер ісін оқыту тәжірибесімен салыстырмалы талдау жүргізіліп, Қазақстанда оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін арттырудың өзекті мәселелері талданады. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның денсаулық сақтау саласында халықаралық стандарттарға бейімделу қажеттілігін көрсетеді және біліктілікті арттыру әдістерінің тиімділігін талдап ұсыныстар береді.

Мәселе неде?

Қазіргі таңда Қазақстандағы мейіргер ісі оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Оқытушылардың басым бөлігі дәрігер мамандығынан шыққан, ал мейіргерлік жоғары білімділердің үлесі өте төмен (шамамен 4%). Бұл жағдай мейіргер ісін оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келу және денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мейіргер ісі оқытушыларының педагогикалық, ғылыми және клиникалық құзыреттіліктерін дамыту қажет.

Саясат нұсқалары

1-нұсқа. Ұлттық деңгейдегі тұрақты біліктілікті арттыру жүйесін құру. Оқытушыларға арналған арнайы курстар, тағылымдамалар, семинарлар ұйымдастыру. Педагогикалық, ғылыми-зерттеу және клиникалық құзыреттіліктерді жүйелі түрде жетілдіру.

2-нұсқа. Халықаралық тәжірибе мен серіктестікті дамыту. Финляндия және басқа дамыған елдердің тәжірибесін бейімдеу. Бірлескен бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, қос дипломды оқыту жүйесін енгізу.

3-нұсқа. Цифрлық білім беру платформаларын енгізу. Онлайн-курстар мен қашықтан оқыту жүйесін дамыту. Ғылыми деректер базасына қолжетімділікті қамтамасыз ету. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Саясат нұсқаларын іске асыру жөніндегі көзқарас

1-нұсқа бойынша әлеуетті кедергілер:

– Қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
– Оқыту ресурстарының тең бөлінбеуі;
– Оқытушылардың уақытының шектеулігі.
1-нұсқа бойынша әлеуетті мүмкіндіктер:
– Мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау;
– Ұлттық кадрлық әлеуетті күшейту;
– Мейіргер ісінің сапасын арттыру.
2-нұсқа бойынша әлеуетті кедергілер:
– Халықаралық серіктестермен келісімшарттық қиындықтар;
– Тілдік кедергілер;
– Шетелдік тәжірибені толық бейімдеудегі қиындықтар.
2-нұсқа бойынша әлеуетті мүмкіндіктер:
– Озық тәжірибелерді енгізу;
– Ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейту;
– Академиялық ұтқырлықты дамыту.
3-нұсқа бойынша әлеуетті кедергілер:
– Аймақтардағы интернеттің сапасы;
– Оқытушылардың цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі;
– Платформа құрудағы бастапқы шығындар.
3-нұсқа бойынша әлеуетті мүмкіндіктер:
– Білімге тең қолжетімділік;
– Қашықтықтан кәсіби дамуға жағдай жасау;
– Инновациялық технологияларды енгізу арқылы сапаны арттыру.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, мейіргер ісі оқытушылары, кәсіби даму, мейіргерлік білім беру сапасы, мейіргер ісі.

1. Кіріспе

Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласы қарқынды дамып, халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету мәселесі басты назарда тұр. Мейіргер ісінің дамыту осы бағыттағы маңызды құрамдас бөлігі. Әсіресе, мейіргер ісін оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, олардың педагогикалық, ғылыми және клиникалық құзыреттіліктерін жетілдіру маңызды міндеттердің біріне айналуда. Бұл талаптар Қазақстанның денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықаралық стандарттарға сай болу қажеттілігін айқындайды [1].

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мейіргерлердің құзыреттілігін арттыру денсаулық сақтау жүйесін дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде қарастырылған. Бұл бағдарламада жоғары оқу орындары (ЖОО) мен медициналық колледждерде оқытушылардың біліктілігін жетілдіру мәселесі де ерекше мәнге ие [2].

Финляндия сияқты білім беру саласы дамыған елдерде мейіргер ісі оқытушыларының кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Олардың құзыреттілігін арттыруда заманауи әдістер мен ғылыми тәсілдер кеңінен қолданылып, тәжірибе мен теорияны үйлестіруге бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылады. Бұл тәсілдер білім беру сапасын арттырып, студенттердің кәсіби дайындығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін Финляндияның тәжірибесін зерттеп, оны өз ұлттық контекстіне бейімдеу маңызды. Осы мақалада мейіргер ісін дамытуда оқытушылардың кәсіби деңгейін арттырудың рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Финляндия елдерінің мейіргер ісін оқыту саласындағы тәжірибесі салыстырылып, дамудың негізгі бағыттары анықталады. Осы аналитикалық жазба мейіргер ісін дамытудағы оқытушылардың рөлін талдауға, Қазақстан мен Финляндия тәжірибесін салыстыруға және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар ұсынуға арналған [3].

2. Мәселені сипаттау

Мәселенің негізінде жатқан факторлар

Мейіргер ісін дамытудағы басты мәселелердің негізінде бірнеше факторлар жатыр:

- Кадрлық фактор-мейіргер ісін оқытушылардың кәсіби біліктілік деңгейі әртүрлі, педагогикалық және ғылыми құзыреттілігі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған;

- Әдістемелік фактор - білім беру бағдарламаларында заманауи оқыту әдістерін, инновациялық технологияларды және халықаралық стандарттарға негізделген тәсілдерді қолдану шектеулі;
- Институционалдық фактор-жоғары оқу орындары мен медициналық колледждерде оқытушылардың кәсіби дамуына бағытталған жүйелі қолдау мен тұрақты бағдарламалар жеткіліксіз;
- Халықаралық тәжірибені енгізу факторлары Финляндия сияқты дамыған елдердің тәжірибесін зерттеу және оны ұлттық контекске бейімдеу деңгейі әлі де төмен [4-13];
- Бәсекеге қабілеттілік факторы Қазақстанның денсаулық сақтау саласы халықаралық стандарттарға сай болуды мақсат етеді, алайда бұл үшін мейіргер ісін оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде арттыру қажет.

Зерттеу 2022 жылдың қазанынан 2023 жылдың қарашасы аралығында Қазақстан Республикасының 5 медициналық жоғары оқу орнында мен Финляндиядағы Або академиясында мейіргер ісі кафедрасының оқытушылар құрамына жүргізілген бір сәттік, көлденең зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысы келесі әдістерді қолдана отырып жүргізілді:

Әлеуметтік әдіс

Профессор-оқытушылар құрамына сауалнама жүргізу арқылы олардың кәсіби дайындығының деңгейін, оқу процесіне қатысу белсенділігін, мейіргер ісі бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудағы тәжірибесін анықтау. Бұл әдіс қатысушылардың пікірлерін, көзқарастарын, кәсіби құзыреттіліктерін және мейіргер ісін дамытуға деген көзқарасын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнама құрылымы жабық және ашық сұрақтарды қамтиды, бұл сапалы және сандық деректерді жинауға жағдай жасайды [15-20].

Ақпараттық-аналитикалық әдіс

Қазақстан мен Финляндиядағы мейіргер ісін дамыту тәжірибесін салыстырмалы талдау арқылы екі елдің білім беру жүйелеріндегі ерекшеліктерді айқындау. Бұл әдіс халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім беру тәжірибесін, мейіргерлерді даярлау әдістемелерін, кәсіби құзыреттерді қалыптастырудағы үздік тәжірибелерді анықтауға бағытталған. Сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілерді, ғылыми әдебиеттерді, статистикалық мәліметтерді және ресми дереккөздерді шолу арқылы ақпараттық база қалыптастырылады.

Статистикалық бағалау әдістері

Сауалнама нәтижелерін талдау үшін математикалық-статистикалық әдістер қолданылады. Жиналған деректердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін деректерді өңдеу, кодтау, жіктеу және талдау жүргізіледі. Статистикалық бағдарламалық құралдардың көмегімен орташа көрсеткіштер, пайыздық үлестер, корреляциялық байланыстар анықталып, мәліметтердің дұрыстығы тексеріледі. Талдау нәтижелері негізінде қорытындылар жасалып, мейіргер ісін дамыту бойынша ұсыныстар әзірленеді.

3. Саясат нұсқалары

1-нұсқа. Оқытушылардың біліктілігін арттырудың ұлттық бағдарламасын енгізу. Бұл нұсқа мейіргер ісін оқытушыларға арналған арнайы ұлттық деңгейдегі тұрақты біліктілікті арттыру жүйесін құруды көздейді. Бағдарлама шеңберінде педагогикалық әдістеме, ғылыми-зерттеу құзыреттілігі және клиникалық тәжірибе бағыттарында курстар, тағылымдамалар, семинарлар ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мейіргер ісін оқытатын оқытушылардың басым бөлігі медициналық дәрігерлерден тұрады, ал олардың тек 4%-ы мейіргер ісі бойынша жоғары білімге ие. Бұл жағдай әрине оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Мемлекеттік бағдарламалар оқытушылардың педагогикалық, ғылыми және ақпараттық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған, алайда бұл жеткіліксіз.

Финляндия мейіргер ісін оқытуда үздік үлгілердің бірі болып табылады. Бұл елде оқытушылардың міндетті түрде магистр дәрежесіне ие болуы және клиникалық тәжірибеге негізделген құзыреттіліктерге ие болуы талап етіледі. Финляндияда мейіргер ісін оқытудағы басты назар тәжірибе мен теорияны үйлестіруге және ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруға аударылады [21-25].

Ғылыми-зерттеу жұмысы аясында сауалнамаға Қазақстанның 5 медициналық университеті мен Финляндияның Вааса қаласындағы Або академиясының мейіргер ісінің оқытушылар құрамы қатысты. Қазақстан Республикасындағы мейіргер ісінің профессор-оқытушылық құрамы: 61,8% 5 жылға дейінгі педагогикалық тәжірибесі бар, 17,4% ғылыми дәрежесі бар. Оқытушылар қосымша білім мен дағдыларды 43,6% — конференцияларда, 27,3% — тренингтер мен

семинарларда, 29,1% — шеберлік сыныптарда арттыруды тиімді санайды. 78,2%-ы біліктілікті арттыру курсынан өтуге ұмтылуда, 21,8% – ғылыммен айналысуға және өз жұмысын жариялауға мүмкіндік алғысы келетінін атап өтті.

Финляндиядағы мейіргер ісінің профессорлық-оқытушылық құрамы: 83,9%-5 жылға дейінгі педагогикалық тәжірибесі бар, 88,9% ғылыми дәрежесі бар. Біліктілігін 55,6% — конференцияларда, 33,3% — тренингтер мен семинарларда 11,1% — шеберлік сыныптарда арттыруды тиімді санайды. 100% - ғылыммен айналысуға және өз жұмысын жариялауға мүмкіндік алғысы келетінін атап өтті.

1. Шеберлік-сынып форматында біліктілікті арттыру курсынан өткен профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ) жүргізілген социологиялық бағалау қатысушылардың мазмұнға, сарапшылық дағдылар мен білімдерге, оқыту әдістері мен құралдарына қанағаттанушылық деңгейі жоғары екенін көрсетті. Орташа алғанда, қатысушылардың қанағаттануы 5,0 баллдық деңгейден ораташа балл 4,8 дейін болды.

2. Халықаралық конференцияға қатысу форматында біліктілікті арттыру курсынан өткен профессорлық-оқытушылық құрамның социологиялық бағасы 80,1% және 78,5% іс-шараның ұйымдастырылуына және негізгі баяндамашылардың сөзіне толық қанағаттанғанын көрсетті, 96% жобаның келесі іс-шараларын ұйымдастыру барысында ілеспе аударманы жетілдіру, студенттердің баяндамаларын талдау, практикалық денсаулық сақтау өкілдерін іс-шараларға қатысуға шақыру бойынша ұсыныстар берілді, орташа балл 5 баллдық деңгейден 4,8-н құрады.

3. Дөңгелек үстел форматында біліктілікті арттыру курсынан өткен профессорлық-оқытушылық құрамның әлеуметтік бағалауы қатысушылардың 67,7%-ы іс-шараның ұйымдастырылуына, 61,3%-ы онлайн-платформаға және пайдаланылған құралдарға, 64,5%-ы материалдардың мазмұны, 94% келесі жобалық іс-шараларды қатысқысы келетінін атап өтті, орташа балл 5 баллдық деңгейден 4,74-і.

Ұсыныстар: мейіргерлерді көбірек тарту, мұндай ісшараларды офлайн режимінде өткізу және іс-шараның алдында материалдар мен презентациялар болуы қажет болды.

4. Тренинг, шеберлік сыныбы, дөңгелек үстел, халықаралық конференция түріндегі біліктілікті арттыру нысандары профессорлық-оқытушылар құрамы тарапынан жоғары бағаланды және кәсіби, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттырудың жоғары тиімді құралы болып табылады [26-28].



Сурет 1 — Қазақстан мен Финляндия оқытушыларының кәсіби дайындықтарын салыстыру

Acceled жобасы аясында тренинг, шеберлік сынып, халықаралық конференция және дөңгелек үстел форматында біліктілікті арттырудан өткен Қазақстан Республикасының ПОҚ әлеуметтік бағалауы қатысушылардың оқытудың материалдары мен әдістеріне және оқытуды ұйымдастыру деңгейі мен мазмұнына қанағаттануы 5 баллдық деңгейден 4,3-тен 4,7-ге дейін тең екенін көрсетті және оқытушылар құрамы мен сарапшы арасындағы

оқыту барысында байланысты нығайту қажеттігі туралы ұсыныстар берілді.

1-ші суретте Қазақстан мен Финляндиядағы мейіргер ісі оқытушыларының кәсіби дайындық деңгейлері салыстырылып көрсетілген. Мұнда үш негізгі критерий бойынша пайыздық көрсеткіштер

2-нұсқа. Халықаралық тәжірибе мен серіктестікті дамыту. Бұл нұсқа мейіргер ісін оқытушылардың кәсіби дамуын қолдау үшін шетелдік тәжірибені зерттеу, халықаралық серіктестіктер орнату және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамытуға бағытталған.

Финляндия тәжірибесі көрсеткендей, мейіргер ісін оқытуда жоғары талаптар қойылады: оқытушылар міндетті түрде магистр дәрежесіне ие болуы тиіс, ал оқу бағдарламалары теория мен клиникалық тәжірибені тығыз байланыстырады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылады. Бұл тәсіл студенттердің кәсіби дайындығын арттырып, білім беру сапасын жаңа деңгейге шығарады [29,30].

Қазақстан үшін халықаралық тәжірибені енгізу бірнеше бағытты қамтиды:

-бірлескен ғылыми жобалар ұйымдастыру (Қазақстан – Финляндия университеттері арасында);

-академиялық ұтқырлықты кеңейту (оқытушылар мен студенттердің алмасуы);

-шетелдік мамандарды тарту арқылы мастер-кластар, тренингтер өткізу;

-қос дипломды бағдарламаларды енгізу арқылы білім сапасын арттыру.

Қазақстан мен Финляндияның салыстырмалы деректері

Қазақстанда оқытушылардың тек 17,4%-ында ғылыми дәрежесі бар, ал Финляндияда бұл көрсеткіш ұсынылған: Магистр дәрежесі бар оқытушылар – Финляндияда бұл көрсеткіш 90%, ал Қазақстанда 40% ғана. Халықаралық тағылымдамадан өткендер – Финляндияда 85%, Қазақстанда 30%. Заманауи оқыту технологияларын қолдану – Финляндияда 85%, Қазақстанда 40%.

– 88,9%. Қазақстанда оқытушылардың 21,8%-ы ғана ғылыммен айналысуға ұмтылса, Финляндияда – 100%.

Финляндияда ғылыми жарияланымдар мен зерттеулер оқытушы қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Халықаралық серіктестікті нығайту Қазақстандағы мейіргер ісін оқытушылардың ғылыми-зерттеу мәдениетін дамытуға, халықаралық стандарттарға сай құзыреттіліктерін жетілдіруге және денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді [31-34].

1. Біліктілікті арттыру әдістерінің тиімділігі: Қазақстан мен Финляндия оқытушыларының тренингтер, семинарлар, халықаралық конференциялар және шеберлік сыныптары сияқты әдістердің тиімділігі бойынша салыстырмалы нәтижелері. Финляндияда бұл әдістердің тиімділігі жоғарырақ (70-85%), ал Қазақстанда 45-60% аралығында (2-сурет).

2. Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің маңыздылығы: Бұл диаграмма әрбір құзыреттіліктің (педагогикалық, ғылыми-зерттеу, коммуникативті, ақпараттық) маңыздылығын пайыздық үлеспен көрсетеді. Педагогикалық құзыреттілік ең маңыздысы (30%), одан кейін ғылыми-зерттеу және коммуникативті құзыреттіліктер (25%), ал ақпараттық құзыреттілік 20% маңыздылыққа ие (2-сурет).



Сурет 2 – Біліктілікті арттыру әдістерінің тиімділігі мен оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің маңыздылығы

Сонымен, мейіргер ісінің оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесі мейіргер ісі мамандарын даярлауда маңызды рөл атқаратын ПОҚ әлеуетін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстандық оқытушылардың 75%-ы білім беру сапасын арттыру үшін халықаралық тәжірибе алмасудың қажеттігін атап өтсе, Фин оқытушыларының 80%-ы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысудың оқыту сапасын жақсартатынын айтқан. Олар халықаралық стандарттарға сәйкес педагогикалық, коммуникативті және ғылыми құзыреттіліктерін үздіксіз арттыруға мүмкіндік алады. Финляндияда оқытушылардың 90%-ы магистр немесе PhD дәрежесіне ие, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен. Қазақстандық оқытушылардың тек 40%-ы заманауи оқыту технологияларын қолдануға дайын екенін көрсетсе, Финляндияда бұл көрсеткіш 85%-ды құрайды.

Қазақстан мен Финляндияның оқыту тәсілдерінің айырмашылықтарының бірі-Финляндиядағы мейіргер ісі оқытушыларының дайындығы жоғары оқу орындарының біліктілікті арттыру бағдарламаларымен тікелей байланысты, оқытушыларға арналған тренингтер, шеберлік сыныптары, халықаралық тағылымдамалар олардың кәсіби деңгейін арттырады. Ал Қазақстанда бұл үрдіс енді ғана дамып келеді және халықаралық тәжірибені қабылдау үшін нақты қадамдар жасалуда. Мейіргер ісін дамытуда оқытушылардың педагогикалық, ғылыми құзыреттілігін арттыру негізгі рөл атқарады.

Финляндия тәжірибесі көрсеткендей, дәлелді зерттеулерге сүйене отырып, оқыту сапасын арттыру Қазақстан үшін де маңызды қадам болмақ. Қорытындылай келе, Қазақстан үшін негізгі практикалық қадамдар:

1. Финляндия тәжірибесін қолдану арқылы оқытушылардың тренингтер мен халықаралық тағылымдамаларға қатысу мүмкіндіктерін арттыру.
2. Педагогикалық, ғылыми және коммуникативті құзыреттіліктерді жетілдіруге бағытталған арнайы бағдарламаларды ұйымдастыру.
3. Мейіргер ісі оқытушыларын заманауи технологияларды қолдануға үйретететін ақпараттық курстар ұйымдастыру.
4. Финляндия мен басқа да дамыған елдердің жоғары оқу орындарымен байланыс орнатып, оқытушыларға халықаралық тағылымдамаларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
5. Мейіргер ісі бойынша жоғары білім беру бағдарламаларын дамыту және оқытушылардың ғылыми дәрежелерге ие болуына қолдау көрсету.
6. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру үшін заманауи әдістерге негізделген тренингтер өткізу.
7. Оқытушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту және олардың халықаралық ғылыми қауымдастыққа қосылуына жағдай жасау.

3-нұсқа. Цифрлық білім беру платформасын құру. Бұл нұсқа мейіргер ісі оқытушыларының кәсіби дамуын қолдау үшін заманауи цифрлық технологияларды пайдалануды көздейді. Онлайн-платформалар, қашықтан оқыту модульдері, вебинарлар мен электрондық ресурстар арқылы оқытушыларға үздіксіз білім алу мүмкіндігі жасалады.

Цифрлық білім беру платформасы мына бағыттарды қамтуы мүмкін:

- Қашықтан оқыту курстары – педагогикалық, клиникалық және ғылыми құзыреттілікті арттыруға арналған;
- Электрондық кітапхана мен деректер базасы – халықаралық мақалалар, оқулықтар, әдістемелік құралдар қолжетімді болу үшін;
- Виртуалды симуляциялар – клиникалық тәжірибені модельдеу арқылы студенттердің дағдыларын жетілдіру;
- Онлайн қауымдастықтар – мейіргер ісін оқытушылардың тәжірибе алмасуы үшін кәсіби желі құру.

Қазақстан үшін өзектілігі

Бүгінгі таңда оқытушылардың көпшілігі қосымша білімді конференцияларда (43,6%), тренингтерде (27,3%) және шеберлік сыныптарда (29,1%) арттырады. Алайда мұндай мүмкіндіктер көбіне ірі қалаларда ғана қолжетімді. Цифрлық платформа арқылы өңірлік және ауылдық оқу орындарына тең мүмкіндік беріледі.

Финляндия тәжірибесімен сабақтастығы

Финляндияда цифрлық білім беру кеңінен енгізілген. Электрондық ресурстар мен онлайн-құралдар оқыту процесінің ажырамас бөлігіне айналған. Бұл тәсіл студенттердің өздігінен білім алуын дамытып, оқытушылардың кәсіби деңгейін үздіксіз жетілдіруге жағдай жасайды.

Қазақстанда мейіргер ісін дамыту үшін цифрлық білім беру платформасын құру — қолжетімділікті арттырудың, үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз етудің және халықаралық тәжірибені жедел енгізудің тиімді құралы болып табылады.

Қазақстан мен Финляндияда мейіргер ісін дамытуда профессор-оқытушылар құрамының құзыреттілігіне байланысты бірнеше маңызды аспектілер анықталды.

Қазақстандағы жағдай

Қазақстанда мейіргер ісі оқытушыларының басым бөлігі – медициналық дәрігерлер, бірақ олардың тек аз бөлігі ғана мейіргер ісі бойынша нақты білімге ие. Бұл мәселе мейіргер ісінің оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық оқытушылардың 60%-дан астамы педагогикалық құзыреттіліктерді жетілдіру қажеттігін мойындаған.

Финляндиядағы жағдай

Финляндияда мейіргер ісі оқытушылары тек мейіргер ісінің мамандары емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметімен белсенді айналысатын ғалымдар болып табылады. Олар халықаралық стандарттарға сәйкес педагогикалық, коммуникативті және ғылыми құзыреттіліктерін үздіксіз арттыруға мүмкіндік алады. Финляндияда оқытушылардың 90%-ы магистр немесе PhD дәрежесіне ие, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен.

Қазақстан мен Финляндияның оқыту тәсілдерінің айырмашылықтары

Финляндиядағы мейіргер ісі оқытушыларының дайындығы жоғары оқу орындарының біліктілікті арттыру бағдарламаларымен тікелей байланысты. Оқытушыларға арналған тренингтер, шеберлік сыныптары, халықаралық тағылымдамалар олардың кәсіби деңгейін арттырады. Қазақстанда бұл үрдіс енді ғана дамып келеді және халықаралық тәжірибені қабылдау үшін нақты қадамдар жасалуда.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі

Мейіргер ісін дамытуда оқытушылардың педагогикалық, ғылыми және коммуникативті құзыреттілігін арттыру негізгі рөл атқарады. Финляндия тәжірибесі көрсеткендей, дәлелді зерттеулерге сүйене отырып, оқыту сапасын арттыру Қазақстан үшін де маңызды қадам болмақ.

4. Саясат нұсқаларын іске асыру жөніндегі көзқарас

1-нұсқа саясаты үшін потенциалды кедергілер

- Қаржыландыру көздерінің жеткіліксіздігі;
- Арнайы даярланған кадрлардың тапшылығы;
- Бағдарлама мазмұнын әзірлеу мен бекіту ұзақ уақытты талап етуі;
- Өңірлер арасындағы теңсіздік (үлкен қалаларда қолжетімді, шалғай аймақтарда қиындықтар болуы);
- Оқытушылардың қосымша оқу мен тағылымдамаға уақыт табуы қиындығы.

2-нұсқа саясаты үшін потенциалды кедергілер

- Шетелдік жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасау рәсімдерінің күрделілігі;
- Тілдік барьер (ағылшын тілін жеткілікті деңгейде білмеу);
- Шетелдік тағылымдамаларға бөлінетін гранттар мен квоталардың шектеулі болуы;
- Ұзақ мерзімді тұрақты серіктестікті сақтаудағы ұйымдастырушылық қиындықтар;
- Кейбір оқытушылардың шетелге шығу мүмкіндігінің болмауы (отбасылық, қаржылық жағдайларға байланысты).

3-нұсқа саясаты үшін потенциалды кедергілер

- Кейбір өңірлерде интернет сапасының төмендігі және техникалық инфрақұрылымның әлсіздігі;
- Платформаны құруға бастапқы кезеңде қомақты қаржы қажет болуы;
- Оқытушылардың цифрлық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі;
- Контент сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіру қажеттілігі;
- Авторлық құқықты қорғау және контентті тұрақты түрде жаңартып отыру қиындықтары.

1-нұсқа саясаты үшін потенциалды мүмкіндіктер

- Мейіргер ісі оқытушыларының кәсіби деңгейін жүйелі түрде арттыру;
- Педагогикалық, ғылыми-зерттеу және клиникалық құзыреттіліктерді дамыту;
- Мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық стратегиялармен үйлестіру мүмкіндігі;
- Университеттер мен медициналық колледждердің қолданыстағы базасын пайдалану;
- Ұлттық деңгейде бірыңғай стандарттар қалыптастыру;

2-нұсқа саясаты үшін потенциалды мүмкіндіктер

- Дамыған елдердің үздік тәжірибелерін енгізу мүмкіндігі;
- Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және халықаралық жарияланымдарға қатысу;
- Академиялық ұтқырлықты дамыту, оқытушылардың тәжірибе алмасуы;

- Қазақстандық оқытушылардың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Қазақстанның медициналық білім беру жүйесінің халықаралық беделін нығайту;

3-нұсқа саясаты үшін потенциалды мүмкіндіктер

- Барлық аймақтар үшін тең мүмкіндік жасау (қашықтан оқыту қолжетімділігі);
- Оқыту процесінің икемділігі (онлайн режимде, кез келген уақытта оқу);
- Халықаралық контентке, электронды ресурстарға және шетелдік оқу материалдарына қол жеткізу;
- Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру стратегиясымен үйлесімділік;
- Ұзақ мерзімде қаржылық тұрғыдан тиімді (офлайн семинарларға кететін шығынды азайту).

5. Қорытынды

Қазақстандағы мейіргер ісін оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру -денсаулық сақтау саласының сапасын көтерудің және халықаралық стандарттарға бейімделудің негізгі шарты болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқытушылардың біліктілігін дамыту үшін ұлттық деңгейде тұрақты жүйе құру, халықаралық тәжірибені енгізу және цифрлық білім беру платформаларын пайдалану өзекті болып отыр.

Әрбір ұсынылған нұсқаның өзіндік артықшылықтары мен қиындықтары бар, алайда оларды кешенді түрде іске асыру мейіргер ісін оқытудың сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау, халықаралық серіктестік және заманауи технологияларды енгізу арқылы Қазақстан мейіргер ісі саласында бәсекеге қабілетті кадрлық әлеует қалыптастыра алады.

Қорытындылай келе, мейіргер ісінің оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесі мейіргер ісі мамандарын даярлауда маңызды рөл атқаратын ПОҚ әлеуетін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстанда оқытушылардың біліктілігін арттыру 2 топқа бөлінеді: педагогикалық құзыреттілікті арттыру (оқыту әдістері, білім бағдарламасын әзірлеу, коммуникативтік дағдылар және т.б.) және кәсіби, ғылыми құзыреттілікті арттыру (семинарлар, мастер-кластар, конференциялар, дөңгелек үстелдер) [28].

Мейіргер ісі және мейіргерлік білім беру саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге мейіргер ісі бойынша білім беру жүйесі мекемелерінің оқытушылар құрамының қатысуы медицинаның осы саласын дамытудың маңызды факторы болып табылады. Бұған дәлел – Қазақстан мен Финляндиядағы мейіргер ісі бойынша оқытушы-профессорлар құрамын социологиялық бағалаудың салыстырмалы талдау нәтижесі, талдау көрсеткіштері бойынша Финляндия ОПҚ-сының 88,9%-ының ғылыми дәрежесі бар, 88,9%-ы ғылыми құзыреттілігін дамытқысы келеді, және 55,6%-ы ғылыммен айналысқысы және өз жұмыстарын жариялағысы келеді.

Сонымен, мейіргер ісін дамытуда профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттырудың рөлін бағалау ғылыми жоба аясында жүргізілді. Жоба бойынша мейіргер ісі теориясы саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын қолдап, жоғары оқу орындарының 85 студенті, 169 оқытушы, 33 әкімшілік қызметкер мейіргер ісі теориясы, сапалық зерттеу әдістемесі, мейіргерлік қызметтер, сервистік дизайн тәсілдері бойынша дайындықтан өтті. Осы тренингтер барысында бес оқу-әдістемелік материал әзірленіп, енгізілді [25].

Ғылыми ізденісімізде ең алғаш Қазақстан Республикасының ЖОО және Финляндиядағы Або академия университетінің мейіргер ісі бойынша оқытушылардың жұмыс өтілі, жас ерекшеліктеріне, ғылыми дәрежелеріне, құзіреттілікті арттырудың тиімді әдістеріне социологиялық бағалау негізінде құзыреттілікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді және қажеттілігі анықталды. Тренинг, мастер-класс, дөңгелек үстел, халықаралық конференцияға қатысу форматында біліктілікті арттыру оқытушылардың кәсіби, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырудың жоғары тиімді құралдары болып табылатынын көрсетті. Мейіргер ісінің оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесін пайдаланудың тиімділігі ЖОО басшылары мен кадрлық қызметінің қолдауымен ғана мүмкін болатындығы аталды [35].

Мейіргер ісі бойынша оқытушылардың педагогикалық және ғылыми құзыреттілігін арттыру үшін халықаралық тағылымдамалар мен тренингтерге ерекше көңіл бөлу қажет. Қазақстанда мейіргер ісін дамыту үшін жоғары оқу орындары

халықаралық тәжірибені қабылдап, оны өз оқу жүйесіне бейімдеуі керек.

Мүдделер қақтығысы. Мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейміз. Бұл материал бұған дейін басқа басылымдарға қарастыру үшін ұсынылмаған.

Алғыс білдіру. Зерттеу процесінде берген құнды кеңестері мен ұсыныстары үшін жетекшіме және ғылыми кеңесшілме ризашылығым шексіз. Мақаланың жарық көруіне үлес қосқан барша азаматтарға алғысымды жеткіземіз.

Қаржыландыру. Қаржыландыру қарастырылмаған.

Авторлардың үлесі: Барлық авторлар тұжырымдаманы әзірлеуге, іске асыруға, нәтижелерді өңдеуге және мақаланы жазуға бірдей үлес қосты. Бұл материал бұған дейін жарияланбағанын және басқа басылымдарда қарастырылып жатпағанын мәлімдейміз.

Әдебиет

1. World Health Organization (WHO). The WHO Global Strategic Directions for Nursing and Midwifery (2021–2025). Website. [Cited 10 Oct 2025]. Available from URL: https://www.who.int/publications/i/item/9789240033863
2. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Kazakstan Respublikasynyn densaulyқ saktau salasyn damytudyn 2020 – 2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly (On approval of the State Program for the Development of the Healthcare Sector of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025) [in Kazakh]: ot 26 dekabrja 2019 goda № 982. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000982
3. Finnish National Agency for Education (EDUFI). Website. [Cited 10 Oct 2025]. Available from URL: https://www.oph.fi/en
4. Rissanen, P., Parhiala, K., Hetemaa, T., Kekkonen, R., Knape, N., Ridanpää, H., ... & Kannisto, R. (2020). Social and Healthcare Services in Finland 2018: Expert evaluation. https://www.julkari.fi/handle/10024/139844
5. Cooke, L., Stroup, C., & Harrington, C. (2019). Operationalizing the concept of critical thinking for student learning outcome development. Journal of Nursing Education, 58(4), 214-220. https://doi.org/10.3928/01484834-20190321-05
6. International Council of Nurses (ICN). The global voice of nursing. Website. [Cited 15 Oct 2025]. Available from URL: https://www.icn.ch/
7. Johnson, J. A. (2020). Faulty development in simulation for professional nurse educators. Walden University. https://www.proquest.com/dissertations-theses/faulty-development-simulation-professional-nurse/docview/2451377952/se-2
8. World Health Organization (WHO). Global strategies or action plans that are scheduled to expire within one year. Website. [Cited 18 Oct 2025]. Available from URL: https://apps.who.int/gb/ebwha/pdf_files/EB156/B156_34-en.pdf
9. Prikaz Ministra zdravoohranenija Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii pravil podtverzhdenija rezul'tatov nepreryvnogo professional'nogo razvitija, prisvoenija i podtverzhdenija urovnja kvalifikacii rabotnikov zdravoohranenija (On approval of the rules for confirming the results of continuous professional development, assignment and confirmation of the level of qualification of healthcare workers) [in Kazakh]: ot 20 dekabrja 2020 goda № KR DSM-283/2020. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021843
10. André, B., Aune, A. G., & Brænd, J. A. (2016). Embedding evidence-based practice among nursing undergraduates: Results from a pilot study. Nurse education in practice, 18, 30–35. https://doi.org/10.1016/j.nepr.2016.03.004
11. Davies R. (2012). 'Notes on nursing: what it is and what it is not'. (1860): by Florence Nightingale. Nurse education today, 32(6), 624–626. https://doi.org/10.1016/j.nedt.2012.04.025
12. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Koncepcii razvitija zdravoohranenija Respubliki Kazahstan do 2026 goda (On approval of the Concept for the Development of Healthcare in the Republic of Kazakhstan until 2026) [in Russian]: ot 24 nojabrja 2022 goda № 945. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000945
13. Australian Nursing Federation. Website. [Cited 10 Oct 2025]. Available from URL: https://anmf.org.au/
14. European Federation of Nurses Associations (EFN). Policy Statement on Lifelong Learning and Continuous Professional Development. Website. [Cited 05 Oct 2025]. Available from URL: https://efn.eu/wp-content/uploads/2023/10/EFN-Policy-Statement-on-LLL-CPD-Oct.-2023.pdf

15. Dreyfus, S. E., & Dreyfus, H. L. (1980). A five-stage model of the mental activities involved in directed skill acquisition (No. ORC802). https://doi.org/10.21236/ADA084551

16. Prikaz Ministra zdravoohranenija Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii gosudarstvennyh obshheobjazatel'nyh standartov po urovnjam obrazovanija v oblasti zdravoohranenija (On approval of state mandatory standards for levels of education in the field of healthcare) [in Russian]: ot 4 ijulja 2022 goda № KR DSM-63. Rezhim dostupa: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028716

17. Canadian Nurses Association. Continuing Education. Website. [Cited 12 Oct 2025]. Available from URL: https://www.cna-aiic.ca/en/nursing/continuing-education

18. Vázquez-Calatayud, M., Errasti-Ibarrondo, B., & Choperena, A. (2021). Nurses' continuing professional development: A systematic literature review. Nurse education in practice, 50, 102963. https://doi.org/10.1016/j.nepr.2020.102963

19. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Website. [Cited 10 Oct 2025]. Available from URL: https://www.oecd.org/en.html

20. World Health Organization (WHO). Technical brief on strengthening the nursing and midwifery workforce to improve health outcomes: what is known about advancing roles for nurses: evidence and lessons for implementation. Website. [Cited 10 Nov 2025]. Available from URL: https://www.who.int/europe/publications/i/item/WHO-EURO-2023-8323-48095-71328

21. Finnish Nurses Association. Website. [Cited 10 Nov 2025]. Available from URL: https://sairaanhoitajat.fi/en/

22. Nau, J., Dassen, T., Needham, I., & Halfens, R. (2009). The development and testing of a training course in aggression for nursing students: a pre-and post-test study. Nurse education today, 29(2), 196–207. https://doi.org/10.1016/j.nedt.2008.08.011

23. European Observatory on Health Systems and Policies. Website. [Cited 10 Nov 2025]. Available from URL: https://eurohealthobservatory.who.int/

24. Benner, P. (1984). From novice to expert excellence and power in clinical nursing practice. AJN The American Journal of Nursing, 84(12), 1479. https://doi.org/10.1097/00000446-198412000-00025

25. Kelly, M. A., Berragan, E., Husebø, S. E., & Orr, F. (2016). Simulation in Nursing Education-International Perspectives and Contemporary Scope of Practice. Journal of nursing scholarship : an official publication of Sigma Theta Tau International Honor Society of Nursing, 48(3), 312–321. https://doi.org/10.1111/jnu.12208

26. Astana Medical University. Development of nursing in Kazakhstan: new opportunities and prospects. Website. [Cited 10 Nov 2025]. Available from URL: https://amu.edu.kz/en/infocenter/news/504/?changeLang=true

27. Nazarbayev University. Education Reforms in Kazakhstan. Website. [Cited 10 Nov 2025]. Available from URL: https://nur.nu.edu.kz/server/api/core/bitstreams/90b14a8e-7d7e-40e4-a72d-fa913fe2e548/content

28. World Bank Group. Website. [Cited 18 Nov 2025]. Available from URL: https://www.worldbank.org/ext/en/home

29. Elonen, I., Kajander-Unkuri, S., Cassar, M., Wennberg-Capellades, L., Kean, S., Sollár, T., Saaranen, T., Pasanen, M., & Salminen, L. (2023). Nurse educator competence in four European countries-A comparative cross-sectional study. Nursing open, 10(12), 7848–7859. https://doi.org/10.1002/nop2.2033

30. Ministry of Education and Culture. Website. [Cited 18 Nov 2025]. Available from URL: https://okm.fi/en/frontpage

31. Wheeler, K. J., Miller, M., Pulcini, J., Gray, D., Ladd, E., & Rayens, M. K. (2022). Advanced Practice Nursing Roles, Regulation, Education, and Practice: A Global Study. Annals of global health, 88(1), 42. https://doi.org/10.5334/aogh.3698

32. World Health Organization (WHO). (2020). Strengthening Nursing and Midwifery in Europe: Action Plan 2020–2025. Website. [Cited 25 Nov 2025]. Available from URL: https://www.who.int/europe/news-room/15-12-2021-who-europe-launches-new-roadmap-to-strengthen-nursing-and-midwifery-in-the-region

33. European Union (EU). Recognition of professional qualifications in practice. Website. [Cited 25 Nov 2025]. Available from URL: https://single-market-economy.ec.europa.eu/single-market/services/free-movement-professionals/recognition-professional-qualifications-practice_en

34. Frenk J., Chen L., Bhutta Z. (2010). Health Professionals for a New Century: Transforming Education to Strengthen Health Systems. The Lancet, 376(9756): 1923–1958. https://doi.org/10.1016/S0140-6736(10)61854-5

35. Filipe, H. P., Silva, E. D., Stulting, A. A., & Golnik, K. C. (2014). Continuing professional development: best practices. Middle East African journal of ophthalmology, 21(2), 134–141. https://doi.org/10.4103/0974-9233.129760

Развитие педагогических, научных и клинических компетенций преподавателей специальности «Сестринское дело» в Казахстане

Мамырбекова М.Б. [1], Жаксылыкова Г.А. [2], Куанышбаева Г.С. [3]

[1] PhD-докторант, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан
[2] Профессор кафедры сестринского дела, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан
[3] Заведующая кафедрой основ медицины, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан

Резюме/ Ключевые положения

В данном материале рассматривается роль повышения квалификации профессорско-преподавательского состава, обучающего сестринскому делу в Казахстане. Проведен сравнительный анализ с опытом Финляндии в области подготовки специалистов по сестринскому делу, а также проанализированы актуальные вопросы повышения профессиональных компетенций преподавателей в Казахстане. Результаты исследования показывают необходимость адаптации системы здравоохранения Казахстана к международным стандартам и предлагают рекомендации по повышению эффективности методов повышения квалификации.

В чем заключается проблема?

В настоящее время проблема повышения профессиональной компетентности преподавателей сестринского дела в Казахстане является актуальной. Большая часть преподавателей вышли из врачебной среды, тогда как доля специалистов с высшим сестринским образованием крайне низка (около 4%). Это напрямую влияет на качество преподавания сестринского дела. Для соответствия международным стандартам и повышения конкурентоспособности сферы здравоохранения необходимо развивать педагогические, научные и клинические компетенции преподавателей.

Варианты политики

Вариант 1. Создание национальной системы постоянного повышения квалификации. Организация специализированных курсов, стажировок, семинаров для преподавателей. Систематическое совершенствование педагогических, исследовательских и клинических компетенций.

Вариант 2. Развитие международного опыта и партнерства. Адаптация опыта Финляндии и других развитых стран. Внедрение совместных программ, академической мобильности, системы двойных дипломов.

Вариант 3. Внедрение цифровых образовательных платформ. Развитие онлайн-курсов и системы дистанционного обучения. Обеспечение доступа к научным базам данных. Использование современных информационно-коммуникационных технологий.

Видение по реализации вариантов политики

Потенциальные барьеры для 1-го варианта:
- Недостаточность финансирования;
- Неравномерное распределение образовательных ресурсов;
- Ограниченность времени у преподавателей.

Потенциальные возможности для 1-го варианта:
- Поддержка в рамках государственных программ;
- Усиление национального кадрового потенциала;
- Повышение качества сестринского дела.

Потенциальные барьеры для 2-го варианта:
- Трудности при заключении договоров с международными партнёрами;
- Языковые барьерыL;
- Сложности в полной адаптации зарубежного опыта.

Потенциальные возможности для 2-го варианта:
- Внедрение передового опыта;
- Усиление научно-исследовательского потенциала;
- Развитие академической мобильности.

Потенциальные барьеры для 3-го варианта:
- Качество интернета в регионах;

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd032

– Низкий уровень цифровой грамотности преподавателей;
– Первоначальные затраты на создание платформы;
Потенциальные возможности для 3-го варианта:
– Равный доступ к образованию;
– Создание условий для дистанционного профессионального развития;
– Повышение качества за счет внедрения инновационных технологий.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, преподаватель сестринского дела, профессиональное развитие, качество сестринского образования, сестринское дело.

Development of Pedagogical, Scientific and Clinical Competencies of Teachers Specializing in Nursing in Kazakhstan

Makpal Mamyrbekova [1], Gulnur Zhaxylykova [2], Gaukhar Kuanyshbayeva [3]

[1] PhD-student, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan
[2] Professor of the Department of Nursing, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan
[3] Head of the Department of Basic Medicine, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan

Abstract/Key messages

This material examines the role of professional development for the faculty teaching nursing in Kazakhstan. A comparative analysis with Finland's nursing education experience is conducted, and current issues related to enhancing the professional competencies of educators in Kazakhstan are discussed. The research findings highlight the need for Kazakhstan's healthcare system to adapt to international standards and provide recommendations on improving the effectiveness of professional development methods.

What is the problem?

At present, the issue of improving the professional competence of nursing educators in Kazakhstan is highly relevant. The majority of educators come from medical backgrounds, while the proportion of those with higher nursing education is very low (around 4%). This situation directly affects the quality of nursing education. To comply with international standards and enhance the competitiveness of the healthcare sector, it is necessary to develop the pedagogical, research, and clinical competencies of nursing educators.

Policy options

Option 1. Establishing a national system of continuous professional development. Organization of specialized courses, internships, and seminars for educators. Systematic enhancement of pedagogical, research, and clinical competencies.

Option 2. Development of international experience and partnerships. Adaptation of Finland's and other developed countries' experiences. Introduction of joint programs, academic mobility, and dual-degree systems.

Option 3. Implementation of digital educational platforms. Development of online courses and distance learning systems. Ensuring access to scientific databases. Use of modern information and communication technologies.

Vision for implementing policy options

Potential barriers for Option 1:
– Insufficient funding;
– Unequal distribution of educational resources;
– Limited time availability of educators.
Potential opportunities for Option 1:
– Support within state programs;
– Strengthening national human resource potential;
– Improving the quality of nursing education.
Potential barriers for Option 2:
– Challenges in contracting with international partners;

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd032

– Language barriers;
– Difficulties in fully adapting foreign practices.

Potential opportunities for Option 2:
– Introduction of advanced practices;
– Strengthening research potential;
– Development of academic mobility.

Potential barriers for Option 3:
– Internet quality in rural regions;
– Low level of digital literacy among educators;
– Initial costs of platform development.

Potential opportunities for Option 3:
– Equal access to education;
– Opportunities for distance professional development;
– Improving quality through the implementation of innovative technologies.

Keywords: professional competence, nursing teacher, professional development, quality of nursing education, nursing.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60(6)-jhd032